

АНА ТІЛІ

Ғалим Тазабаев

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Мейірім



Мен өте жақсы көретін бір сөз бар. Ол – мейірім. Мейірім барда – өмір бар, жақсылық бар. Айналайын асыл адамдар, не деген мейірімді едіңіздер, сүрінсем қолтығымнан сүйедіңіздер, қиналсам – арқамнан қағып, жаныма демеу болдыңыздар. Алатаудың әппақ қарлы шыңдарындай бозаң тартқан басымды иемін Сіздерге!

Таңдайымнан дәмі кетпес жұпар шай...

Қатты құладым. Балам дереу Алматыдағы кардиология ауруханасына жеткізді. Тез тексеріп, инфаркт алған, жүрегіне операция жасаймыз деп, зембілге жатқызып алды да кетті. Өң мен түс, бұлдыр-бұлдыр дүние. Есімді жисам жарым түн, бөлек палатада ақжаймада жатырмын. Тілім аузыма сыймай шөлдегенім-ай... қаталап шөл қысып барады. Екі көзім бозарып, таңды күттім. Бір кезде медбике келіп:

– Ояңдыңыз ба? Ота сәтті өтті. Қозғалмаңыз, – деді де маңдайыма алақанын тигізді. – Қызуыңыз жоқ. Тамаша! – деді сыңғыр үнмен.

– Қарағым, шөлден өліп барамын. Шіркін, шай болса? – дедім.

– Сүт қатқанын ба?

– Иә. Күнде таңғы сағат алтыда тұрып, сүт қатқан шай ішуші едім.

Сағат қанша болды екен?

– Сағат үштен кетіпті. Отадан кейін бәрі шөлдейді. Қазір әкелемін, аға! – деп ақ халат киген келіншек лып көтеріліп, шығып кетті. Көп уақыт өтпей жібін шұбатып электр шәугімді көтеріп қайта кірді. Әп-сәтте сүт қатқан қою шайді иісін бұрқыратып ұсына берді. Өзі басымды көтеріп, арқама жастық қойып, жас бөбегіндей әлпештеп берген шайын-ай десеңші!..

Маңдайымнан шып-шып шыққан терімді ақ сүлгісімен сүртіп, әбден шөлім басылғанша ыстық шайды шыныға құйып, ұсына берді.

Бой-бой терлеп, жаным рахаттанып, маужырап ұйықтап кетіппін.

Сағат жеті жарымда аузы-мұрнын тұмшалап орап алған ширақ қимылды бас дәрігердің өзінен бастап бір топ дәрігерлер келгенде ғана ояңдым.

– Аға, қалайсыз? – деді бас дәрігер маңдайымнан сипап.

– Жақсымын.

– Бүгін жансақтау бөлімінен жалпы палатаға ауыстырамын. Сізге ота жасаған мына жігіт. Нейрохирург, – деп ұяла амандасу ишаратын жасаған отызға жетпеген жас жігітті көрсетті. – Білімді жас. Жақында Израилге білімін жетілдіруге кетеді, – деп және қосты.

Медбикелер зембілге салып жалпы палатаға алып келгеннен кейін он күн ішінде жүріп-тұруға жарап, бірден ары қарай шипажайға жіберді. Сау адам бәрін тез ұмытады екен. Қайырылып баруға мұрша болмай, өздері қаралуға шақырған соң, үш айдан кейін ғана кардиология аруханасына бардым. Маған ота жасаған нейрохирург шетелге кетіпті. Ал жарым түнде жаны қалмай шай берген жансақтау бөліміндегі әдемі медбике келіншекті таба алмай-ақ қойдым. Аты-жөнін, телефонын да сұрамаппын.

Қиналмай, міндетсінбей түн ұйқысын төрт бөліп, божылдатып ып-ыстық сүт қатқан шайын ұсынған бұл жанға және жүзіне мейірім үйірілген жап-жас нейрохирургке мың да бір алғыс!

Нағыз шипагерлер осылар ғой.

Құдайға шүкір, содан бері жүрегім сыр берген жоқ.

Алматының қарапайым адамы

Есіміз екеу, өңіміз төртеу, көңіліміз ойран асыр болды. Төртке келген немерем айдың күні аманында жоғалып кетті. Көрші келіншек өзінің үш баласымен бірге менің немеремді де алып шыққан. Орталық стадион жанындағы жартылай жерге сіңдіре салынған супермаркетті аралатып жүргенде менің немерем бала емес пе, айналсоқтап қалып қойған.

Келіншек үш баласын жетектеп ары-бері жүгіреді, қарамаған жері қалмайды. Немерем ұшты-күйлі жоқ!

Дереу қалта телефонымен қоңырау шалып, маған хабарлады. Мен әкешешесін аяғынан тік тұрғыздым. Көлігіме міне салып, сол төңіректі шыр айналдым, супермаркетті араладық. Полицияға хабарладық.

Жоғалғанына үш сағаттан асты, еш хабар жоқ.

Келінім бода-бода жылап жүр, балам немеремді алып кетуіне рұқсат бергені үшін оған діңкілдеп ұрса береді.

Көше бойлап, тротуар, аялдамаларды қарап, үйге келдік. Бәрімізді үрей билеген. Қыстың күні бұлыңғырланып, үскірігін үрлеп, батып барады.

Есік қоңырауы дың-дың ете қалғанда, бәріміз тапырақтай жүгірдік.

Немеремді жетектеп ұзын бойлы мосқал адам кіріп келді.

– Сіздердің балаларыңыз ба? – деді.

Бәріміз улап-шулап, төрт жасар құлынымызды бас салдық. Көзімізден жас ыршып шығып кетті, айналып-толғанып, сүйіп жатырмыз.

Шешіндіріп болғанда ғана әкелген кісіні еске алдық.

– Бұл кісі кім? – дедік жапатармағай.

– Таксист.

Жолда адасып жүргенде, сол кісі тоқтап жөн сұрапты. Бала шынын айтқан. «Мекенжайды білмеймін, үй жанында анам аттас «Дана» деген магазин бар» депті. Таксист машинасына отырғызып алып, кішкентайымыздың көрсетуі бойынша үйге әкеп кіргізіп кеткен екен ғой. Бәріміз далаға жүгіргенімізбен, сол таксисті таба алмадық. Кейін орталық стадион жанына немеремді қолымнан жетектеп талай барып, таксистерден сұрау салдым. Ешкім білмейді. Аты-жөні кім, машина нөмері қандай? Жұмбақ.

Адамгершілік пен мейірімі шуақ шашып тұратын Алматының ақ адал, қарапайым азаматтары-ай!..

Ғажап қайырымды істеріңе қайран қаламын!

Адалдық

Рейсіміз үш сағатқа кешігетін болды. Шығарып салып жүрген інім Орынбасар екеуміз әуежай жанындағы кафеге барып, түстендік. Күн күйіп тұр, даладағы сәкінің бірінде отырып, інім лағман жеді, мен сүт қатқан бір шәйнек қою шай алдырдым.

Ұшаққа мінер тұста ғана аңғардым, қол сөмкем жоқ. Ініме телефон шалып, кафеден сұрастыруын айттым. Астанадағы шаруаға деп бесмыңдықтан жүзін санап салғанмын, бес жүз мың теңге сол қол сөмкемде болатын. Шай ішкенде костюмді, галстугімді шешіп, қол сөмкемді қасына қоя салған едім. Қайтарда сөмкемді алуды мүлдем ұмытыппын.

Қап-ай, қап!

Ұшақ көк әлеміне қалықтай көтеріліп шыға келді. Телефонды сөндірдім. Астанаға қонғанда ғана қайта қосқан телефоным шырылдай жөнелді.

– Аға, қол сөмкеңіз табылды!

– Бәрі орнында ма?

– Түп-түгел! Даяшы қыз алып, сақтап қойыпты.

– Әп, бәрекелді! Қайтқан малда қайыр бар! – дедім қуанып.

Астанада екі айдай жүріп қалдым. Алматыға ағаш жапырақтары сарғайып, Алатаудың ұшар басындағы қар-мұзы ұлғая бастаған шақта келдім. Бірден әуежай жанындағы кафеге тарттым. Сондағы қызметші, даяшылардан баяғы даяшы қызды сұрастырсам, студент екен, жұмыстан шығып, оқуына кетіп қалыпты. Телефоны жоқ, ешкім білмейді. Кафенің бастығына кіріп, Рашида атты даяшы қызының адалдығы үшін алғыс айттым...

Астана, сен қандайсың?

Астанада «Зажигалка» деп аталып кеткен зәуілім биік ғимарат бар. Соның он сегізінші қабатындағы бір шенеунікпен жолығып, қайта шығып келе жатқанмын. Зырылдаған лифтіге кіргенім сол еді, оң жақ аяғым зың-ң етіп, тоқ ұрғандай солқылдап, жансызданып сөлбіреді де қалды. Бір ащы шаншу белден төмен найзағайдай осып, жанымды

көзіме көрсетті.

– Ойбай-ай, – деп шыдай алмай лифт ішіне отыра кеттім. Қасымда бірге кетіп бара жатқан, шырттай киінген екі жас жігіт:

– Аға, не болды?

– Көке, қай жеріңіз ауырып тұр? – деп бәйек қақты.

Екеуі қолтығымнан демей көтеріп, сыртқа шығарды да:

– Қам жемеңіз. Ең күшті дәрігерге көрсетеміз – деп көлігіне мінгізіп алды да кетті. Әне-міне дегенше іші-сырты сыңғырлаған бір ауруханаға әкеліп, екеуі біреулермен сөйлесіп, мені дереу бөлек палатаға жатқызды.

– Үлкен үйге барамыз, қазір сонда жиналыс. Сауығып кетесіз, аға, – деп туған бауырындай құшақтай қоштасып шығып кетті.

Табандатқан екі апта жатып, сан түрлі ем-дом алып, көп ине салдыртып, екі аяғымнан тік тұрып, жүріп кеттім.

Содан бері қанша жыл өтті, қайтып аяғым ауырған жоқ. Астанаға барған сайын «Зажигалка» атты зәулім сән-салтанатты ғимаратқа кіріп, астыңғы залда демалғансып отырамын. Баяғыдағы уыздай екі жас жігіт кездесіп қалар ма екен деп әр азаматтың бәріне тесіле қараймын кеп.

Бұл, айналайын өрім жастар кім? Әлі күнге дейін маған жұмбақ. Ата-аналарының ғибратты тәлімін бойына сіңірген, айналайындар-ай, бақытты болыңдар!

Ел көп сұрайды:

– Астана қандай екен? – деп.

Мен осы оқиғаны айтып беремін. Астананың ғажап мейірімді тұрғындары – біздің болашағымыз – сол бір өрімдей жас жігіттерді мейірлене, сағына еске аламын.

Астана – мейірімді, қайырымдылар қаласы екен.

Бір қап ұн

Бұл ауылға жиі келемін. Айқымбай, Молдахан, Тәлік секілді достарым көп шақырады, қуанышымыз ортақ. Әттең Молдахан мен Тәлік ертерек ортамыздан кетіп қалды. Мәңгілік мекені жарық болсын!

Осы жолы да тойға ертерек келгенмін, ел-жұртпен дидарласып, хал-жағдайларын білсем деген ойым бар. Бізде той ешқашан уақтылы басталмайды. Сағат жетіде келсем, ешкімнің қарасы көрінбейді.

– Айналайын, балам, сені жолықтырғаным өте жақсы болды ғой, – деп, кезінде біздің Қызыләскер ауылында тұрған Балайдың апасы мейірленіп бетімнен сүйді.

– Қарағым, үйге жүре қойшы! – деп бой берер емес. – Шешең Күлиманмен құрдас едім, сен Сайлау деген баламмен құрдассың. Он бала тауып өсірдім ғой. Білесің бе, баяғыда қысқа жіп күрмеуге келмей, шұрқыраған балаларыма тамақ жасап беруге ұн таусылып қалды. Елдің бәрі қалт-құлт етіп күнін әзер көріп отыр. Әркімнен қарызға сұрасам да, түк таба алмай қатты қиналдым. Сенің әкең Қапалбек – тракторшы, еңбеккүніне қап-қап бидай алады. Жүгіріп ауылдың төменгі жағындағы

сендердікіне келсем Күлиман да жаңа босанған, терлеп-тепшіп шай ішіп отыр екен. «Кел-кел, шай іш, қыз-ау», – деп бәйек болды. Жағдайымды айттым. Сонда Күлиман жарықтық: «Екі қап ұнымыз бар еді. Біреуін алып кет», – деп бір қап ұн берген еді. Сонымен жаз бойы нан жауып, қызыл қырманға аман-есен жеттік қой. Міне, сол бір қап ұнды қайтара алмай шерменде болып жүр емеспін бе? Сендер Қарғалыға, одан 76 разъезге көшіп кеттіңдер. Жетім бала, жесір қатын боп он баланы әйтеуір ержеткіздім. Құс фабрикасы ашылып, бала-шағам жұмысқа тұрып, осы Таран ауылына көшіп келдік. Құдайға шүкір, қазір жағдайымыз жақсы, бәрі бар. Тек Күлиман берген бір қап ұнын қайтара алмадым ғой деп жүріп едім. Соны алып кетші, айналайын! Шешең не деген жомарт, ақкөңіл еді.

– Апа, рақмет. Үйде ұн жетеді. Сол қап ұнды алды деп ойлаңыз, – дедім қысылып.

– Жоқ, қарағым, ол кездегі бір қап ұн дегенің – үлкен қазына. Жетпей тұрғанда бергенін қайтіп ұмытайын? Сексенге де келдік міне. Алмасаң қатты ренжимін, – деп қоймаған соң үйіне бардым.

Машинама бір қап ұн салып тұрып, көмбеш нан беріп:

– Бала-шаға, немерелеріңе дәм таттыр. Ауылдың дәмі ғой! – дейді апам тағы да бетімнен сүйіп.

Бұл сол апамды соңғы көруім екен. Көп ұзамай қайтыс болды деген суық хабар келді. Сол ауылға барған сайын көңілім алаңдап, Балайдың апасын іздеп, еске алып, елеңдеп тұрамын.

Нағашыбек Қапалбекұлы
жазушы